



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
ҰЛТТЫҚ БАНКІ
№ 23 Б А С П А С Ө З Р Е Л И З І
2008 жылғы 9 шілде**

**5000 теңгелік мерейтойлық
банкнотаны айналысқа шығару
туралы**

2008 жылғы 15 қарашада егеменді Қазақстанның ұлттық валютасы – теңгенің енгізілуіне 15 жыл толады. Осы оқиғаны есте қалдыру үшін Қазақстанның Ұлттық Банкі 2008 жылғы 8 шілдеде номиналы 5000 теңгелік мерейтойлық ескерткіш банкнотаны айналысқа шығарды. Шығарылымның таралымы 10,2 млн. дана.



Негіз ретінде 2006 жылғы үлгідегі қолданылып жүрген банкнота пайдаланылды, ол жоғарғы және төменгі жағында мерейтойлық «ТЕҢГЕГЕ ОН БЕС ЖЫЛ» деген жазумен және Spark® жаңа қорғаныш элементімен толықтырылған.



Spark® жаңа элементі қорғаныш бояуларын дайындау нарығының көшбасшысы Швейцарияның Sicra компаниясының әзірлемесі болып табылады. Мерейтойлық банкнотада Spark қорғаныш элементі төменгі сол жақ бұрышта жарқыраған күннің аясында анық

жарқырап көрінетін және банкнотаның көлбеу бұрышы өзгергенде ашық жасылдан ашық көк түске өзгертін қалықтаған қыран түрінде орналасқан. Сонымен қатар банкнотаның көлбеу бұрышы өзгерген кезде жайылған қанаттар қыранның динамикалық қозғалысын бейнелей отырып жарқ-жүрқ етеді.



Қазақстандық теңгеде Spark® озық қорғаныш технологиясы осы элементті ақша белгілеріне әлемде алғашқы ендірушілердің бірі болып пайдаланылып отыр және ұлттық валютаның дизайнын жетілдіру және қорғаныш қасиетін күшейту жөніндегі тұрақты жұмыстың құрамдас бөлігі болып табылады. Еуропа Орталық Банкі хабарлағанындай, ақшаны қолдан жасаудан қорғаудың осы қорғаныш элементі 2009 жылы енгізу болжанып отырған еуро банкноталарының жаңа сериясы үшін басымдыққа ие болады.

Осы банкнотаның барлық қалған көрінетін сипаттамалары және қорғаныш элементтері 2006 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкнотаға сәйкес келеді.

Бұл ретте 2006 жылғы үлгідегі номиналы 5000 теңгелік банкнота заңды төлем құралы болып қала береді және өспелі құны бойынша Қазақстан Республикасының барлық аумағында төлемнің барлық түрлері бойынша, сондай-ақ банк шоттарына және аударым үшін есептеуге міндетті түрде қабылданады.